



## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Льюис Кэрролдың Алиса туралы  
кітабындағы тағам, жан-жануарлар  
және басқа да тіршілік формалары





**Мақсаты:** Майкл Пэрриш Лидің Льюис Кэрролдың Алиса туралы шығармаларына, ондағы адам мен жануарлардың арақатынасына жасаған талдауларымен танысу.

**Тірек сөздер:** жануар, желі, зат, тамақ, заттар теориясы, акторлы-желілік теориясы.

Сіздермен америкалық ғалымдары Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясымен таныстығымызды жалғастырамыз. Бұл дәрісте адам мен жануар арасындағы байланыс турасында жазылған көркем әдебиет туындыларына жасалған таңдауларды қарастырып көреміз. Соның бірі – Майкл Пэрриш Лидің Льюис Кэрролдың Алиса туралы шығармасына жасаған талдауы.

Майкл Пэрриш Ли Ноттингем университетінде XIX ғасыр әдебиеті, әңгіме теориясы және жануарларды зерттеу салалары бойынша дәріс оқиды. Оның «Жеуге жарамды заттар: Льюис Кэрролдың Алиса туралы кітаптарындағы тағам, жануарлар және басқа да тіршілік түрлері» атты эссесімен танысып, автордың заттар теориясы, акторлы-желілік теория, жануарларды зерттеу теориясын қалай қолданғанын анықтап көрейік.

## Тағам

Льюис Кэрролдың «Алиса Ғажайыптар әлемінде» шығармасының (1985) кейіпкері Утка (Үйрек) бізге қандай жаңалық айтар екен? Утка өзін «Тамақсаумын», әрі білімдімін деп бағалайды: «Мен не тапсам да, оның не екенін жақсы білемін, – дейді Утка, – бұл әдетте, құрбақа немесе жауынқұрт болып шығады». Алайда М.П. Ли Утканың өзі же жеуге жарамды заттардың бірі екенін, өзі де танымын деп отырған «заттарынан» өзгеше еместігін айтады. Әрине, бұл белгілі бір дәрежеде Утканың өзін-өзі адамға теңеп алдануы. Шығармадағы заттар теориясына сүйенсек, «заттар – адамдарға ұқсайды, ал адамдар белгілі бір дәрежеде жануарларға ұқсайды». «Заттардың бәрі жанды, олармен ойнаудың өзі біртүрлі қорқынышты әрі ыңғайсыз», – дейді Алиса. Әрине, заттар теориясы заттар да жанды деген мәселе төңірегінде пікірталастар тудырды. Ал жеуге жарамды заттар турасында пікірталастардың аясын кеңейте отырып, біз мұндай заттардың материалдылығы және тіршілік етуге талпынысын естен шығармағанымыз жөн. Бүгінде заттардың аясы әжептеуір кеңейіп келеді: заттар жеуге болмайтын және жеуге болатын деп жіктелуде. Заттарды адам/зат дихотомиясының шеңберінен тыс зерттеу үшін Ли өз эссесінде Бруно Латурдың акторлы-желілі теориясын басшылыққа алып, адам, зат, жануар және тәбеттердің байланысын қарастырады.

М.П. Ли мұндай мәтіндер адам және жануар дискретті категориясының викторианды дестабилизациясын қолдануды басшылыққа алып, эволюциялық теорияны жеңіл етіп көрсетуді мақсат етеді. Кэррол адамдар мен жануарлар – басты объект болып, олар өзара рөлін, тіпті жеуге жарамдылық қасиетін де алмастырып отыратын әлемді көрсеткісі келеді.

М.П. Ли заттар теориясын күрделендіріп, тағамға адам емес жануарларды да қосқысы келеді. Осы мақсатта ол заттар туралы әдебиетте қалыптасқан екі тұжырымды мысалға алады. Біріншіден, заттар теориясының хайдеггерлік үлгісі. Билл Браун мен Джонатан Лэмб бұл үлгіні «объектілер арасындағы айырмашылық, адамға қызмет етеді» деп көрсетеді.

Объектінің күрделілігі немесе ерекшелігі тұрғысынан бір-бірінен ажырату үшін теоретиктер заттарды капиталистік немесе адами айналымынан алшақтатуға тырысады. Адамның әсерінен алыстай отырып, бұл заттар өзіндік қасиетін қабылдай бастайды. Викторианды дәуірде адам мен заттар арасындағы қатынастар туралы тұжырым адам мен басқа да тіршіліктің өзара үйлесуі туралы тұжырымға сай келген. Эндрю Х. Миллер капитализм қоғамы қалыптасар алдында, викторианды дәуірінің орта тұсында зиялы қауым «әлеуметтік және рухани әлем – тауарлар мен заттардың қоймасы, витринасы. Мұнда адамдар мен олардың әрекеттері басқалардың назарына ашық қойылған» деп қауіптен бастағанын жазады.

Заттар теориясы – бір-біріне тәуелсіз, Алиса туралы кітаптарда заттар адамнан тыс әлемде тіршілік етіп қоймай, белгілі бір дәрежеде пайда келтіріп отырады. Заттар өзгеше жүйеде өмір сүреді. Ли азық – осы жүйе ішіндегі қозғалу жолы деп көрсетеді.

Сонда азық дегеніміз не? Э.М. Форстер «азық – көркем әдебиетте әлеуметтік мәртебеге ие құндылық. Азық кейіпкерлерді біріктіреді, бірақ физиологиялық жағынан оларға қажетсіз,



кейіпкерлер азықты сирек пайдаланады», – деп пайымдайды. Форстердің бұл тұжырымы XIX ғасырдағы британ романдары «азықтың тәннің тәбетін қанағаттандырумен байланысты материалды рөлін» жасырып тастаған. Льюис Кэррол субъект/объект арасындағы арақашықтықты қысқартуға тырысады. Кэррол романның дәстүрлі әлеуметтік ортасын ашып, тағамдық өнімдер мен тамақтарға жан бітіп, тіршілік ете алатын әлемді көрсеткісі келеді. Алиса «бірдеңе жегің немесе ішкің келсе болды, бір ғажайып бола қалатын» әлемге түседі. Сөйтіп, қарапайым шай ішу – адам не зат үшін азықтану уақыты екенін көреді. Алиса секілді Кэрролдың шығармаларының сыншылары азық пен ішімдік мәселесіне ерекше көңіл бөліп көреді.

«Алисаның Ғажайыптар әлеміндегі басынан кешкендері», «Алиса айнаның артындағы әлемде және онда не көрді?» (1871) атты шығармалар тамақ пен тамақтану – әлеуметтік әрекеттердің символы болып саналатын кеңістікті ашып берді.

Сонда «Алисадағы» тамақ – әлеуметтік сипатта. Тамақ – әлеуметтік объектілер пайдаланған зат қана емес. Тамақ теоретизациясына баға бере отырып, Джейн Беннет тамақты әсер ету формасы деп көрсетеді. «Алисаның Ғажайыптар әлеміндегі басынан кешкендері» шығармасындағы азық түрлері адамның мінез-құлқына әсер етіп отырады: «қызыл бұрыштан адамдар ашуланшақ болады, ... сірке суы – адамдарды қышқыл, ренжігіш, ... ақжелкектен – ызақор, ... кэмпиттен – тамаша жанға айналады».

Кэррол субъектілер мен объектілердің бір-бірінен айырмасы жоқ әлемді көрсетеді. Кэррол үшін тамақ – әлеуметтік зат – әлеуметтен алатын зат. Ғажайыптар әлеміне түскен соң Алиса «МЕНІ ІШ» деген жазуы бар бөтелкеден су ішеді, «МЕНІ ЖЕ» деген жазуы бар балкүлшені жейді. Бұл тағамдар – әрі субъект, әрі объект. Тағамдар – өздерін жеуін сұрап тұрған «дәнекерлер». Алиса да – оларды тұтынушы (жеуші) дәнекер. Жеу әрекеті – Алисаны субъектіге айналдырып тұр. Тағамдар Алиса арқылы желініп тұр, демек мұнда Алиса – жеуді жүзеге асыратын зат. Жеуге мәжбүр болған Алиса да өзін зат секілді сезініп тұр: «Мен – дүрбі емеспін, құдды бір телескоп сияқтымын!». Осылайша Алиса кездесіп, жеген әрбір зат жеке-жеке өмір сүруде, олар субъектіден объектіге, объектіден субъектіге ауысып, тылсым күштерге айналып отыр. Заттар бір-бірімен ассоциация және ынтымақтастық арқылы әрекеттесіп, дәнекер қызметін атқарып отыр. Бірақ «Алисада» ешкім өз бетімен отырып, тамақтанбайды.

Кэррол үшін тамақ – бірнеше әрекеттердің байланысы немесе Бруно Латур айтқандай, әрекет теориясы. «Әрекет, – дейді Латур, – сананың бақылауынсыз-ақ жүзеге асатын құбылыс; оны бірнеше әсерлердің немесе акторлардың жиынтығы деп қарау керек». Алиса мынадай акторлардың желісін құрды:

1. «ІШ МЕНІ» сусыны – бөтелке мен ішіндегі сұйықтықтан тұрады, ол Алиса өзін ішеді деп біледі. Алиса болса, ішкен сайын, бойы өсіп жатыр.

2. «МЕНІ ЖЕ балкүлшесі – Алиса сусынды ішкен соң, бойы жеткілікті деңгейде кішірейіп, үстелдің астында жасырынған балкүлшені тауып алып, жейді. Сосын бойы қайтадан ұзарады деп ойлайды. Алиса ұзарған сайын желі кеңейіп, құрамына бірнеше акторлар еніп жатыр.

3. Алисаның аяқтары. Алиса балкүлшені жеген соң бойы ұзарып кетті. Ол енді аяқтарын жеке акторлар ретінде сезініп, оларға «Қош болыңдар» дейді: «Енді сіздерге кім шұлық пен аяқкиім кигізеді екен?». Алиса өз аяқтарымен қоштасып тұрып: «Ойбай-ау, аяқтармен ренжіспегенім дұрыс, әйтпесе, мені тыңдамай қояр», – деп қорқады. Олардың көңілін табу үшін өз аяқтарына пошта арқылы сыйлық жіберейін деп ойлайды.

«МЕНІ ІШ», «МЕНІ ЖЕ» заттары Алисаны акторға айналдырды. Алиса – басқа акторлар арқылы әрекетке еніп отыр. Латурдың акторлары – қарапайым объектілер немесе заттарға қарағанда, онтологиялық икемді келеді. Бұл акторларға адамдар, жануарлар, заттар, тұжырымдар, ал Алиса оқиғасында – тағам түрлері мен адамның дене мүшелері кіреді. Бірақ қолжетімді бұндай әрқилы акторларды пайдаланудың не қажеті бар? Біріншіден, Лидың ойынша, Кэррол «зат» терминін өте жиі әрі шығармашылық тұрғыдан қолданған. Екіншіден, Алиса туралы кітаптардың барлығы әсер етудің табиғатына негізделген. Кэрролдың заттары – адамдар, заттар мен жануарлардың бір-біріне әсер ететін акторлар.



Кэррол әдеби форманы жеңілдетіп, тән туралы ғана емес, тәннің тәбетін анималистік тұрғыдан қарастыруға тырысады. Алиса, заттар, кейіпкерлер, жеуге жарамды материалдар мен мәтіндер – тәбет ұғымын қалыптастырады.

Тамақ өнімдерінің әлеуметтік өмір сүретіні туралы теория «Айна артында» шығармасында ерекше көрсетіледі. Мұнда Алиса патшайымға тәж кигізу рәсіміне қатысады. Патшайым «Айнаның артындағы» әлемдегі қоректік тізбектің ең жоғарғысында тұр. Сара Гайер шығармадағы салтанатты шара – адам мен адамнан тыс жаратылыстардың арасында түбегейлі айырма бар екенін дәлелдеді деп есептейді. Салтанатта Алиса «қойдың аяғымен» танысады. Ол орнынан тұрып, Алисаға жақындап, сәлем береді. Алиса үстел үстіндегі еттің бір түйірін кесіп алғысы келгенде, Қара патшайым ашуланып кетеді: «Бұл қалай болғаны? Сіздерді қазір ғана таныстырдық еме пе? Сіз болсаңыз, оған бірден пышақ ала жүгіргеніңіз не?» – деп айқайлайды. Ал үстел үстіндегі пудингтен кесіп жегісі келгенде, пудинг ақырын ғана дауыспен: «Не деген дәрекілік!... Сенің тәніңнен бір тілігін кесіп алса, өзіңді қалай сезінер едің?!» – дейді. Көп ұзамай заттар мен оларды тұтынушылар орындарын алмастырады: қойдың аяғы, орындықта отырған Ақ патшайым, сорпа ішінде еріп кеткен Ақ патшайым, тәрелкеде жатқан қонақтар, Алисаның орындығына жорғалап келе жатқан шөміш т.б.

Браун жансыз деп танылған тағамдық өнімдер кенеттен тіл қатып, қарсылық білдіргені – «иеліктің иелікке иелік етуі», тұтыну мәдениетінің тарихынан да беймәлім дүние деп бағалайды. Алиса туралы кітаптар – жай ғана әңгімелер емес, заттармен бірге ойлану, заттардың ойлағанын жүзеге асыруға талпыныстар. Иемдену – тұтынуға қарағанда, тереңірек ұғым. Алиса өзі ғана емес, тұтынған заттары да субъектіге айналған әлемді кезіп келген.

Жануарлар әлемін толғандыратын заттардың бірі – Қой басқаратын дүкен: Алиса дүкендегі сөрелерде не бар екенін көруге қанша талпынса да, сөреден ештеңе көрінбейтін. Былайша айтқанда, дүкеннің сөресіндегі заттар Алисаның көзінен жасырынып, онымен байланысқа түсуден қашады. Алиса жансыз деп білетін заттардың да тілі бар, сезіне алатынын көреді. Заттар болса, Алисаны белгілі бір өздеріне таныс заттарға теңейді. Алиса дүкеннің сөресінде тұрған заттарды көру үшін айнала бастайды. Сол кезде Қой Алисадан «Сен не, айналма ойыншықсың ба?» – деп сұрайды.

Алиса дүкендегі заттардың сатылатынын біліп, жұмыртқа сатып алмақ болады. Бұл жерде Алиса тәндік тұтыну сферасына өтіп, заттарды азыққа тұтынуға арналғанын еске түсіреді. Соған қарамастан, жұмыртқа өзін тұтынғанына қаламай, Алиса жақындаған сайын одан қашып кетеді. Жұмыртқа – азық, адам, жануар және зат арасында тұрған құбылыс.

Әрине, Алиса туралы кітаптарда заттар немесе азық-түліктер – жануар деген сөз емес, керісінше, олар заттарды әрекетке келтіретін құбылыстар. Алиса «Ақ қоянға», оның кеудешесіндегі қалта мен сағатқа қызығушылық танытады. Бұл заттар – адам қолданатын заттар. Алиса Қоянды заттар әлеміндегі жаңа зат деп қабылдайды.

Алдыңғы тарауда біз ерекше сөз еткен акторлар желісі – бұл тарауда күрделене түскендей. Алиса «МЕНИ ІШ» сусынымен байланысқа түскенге дейін-ақ ол өзі мен Қояннан құралған желіні қалыптастырады. Одан кейін сусын не балкүлшемен байланысып, Қоянды көзінен таса етіп алады. Біраз уақыттан кейін Қоян қайтадан пайда болады. Сөйтіп акторларды көбейтіп отыр. Біздің алдыңғы тізімімізде: 1. «МЕНИ ІШ» сусыны, 2. «МЕНИ ЖЕ» балкүлшесі және 3. Алисаның аяқтары еді. Біз енді оған мына акторларды қосайық:

4. Ақ қоян – қоянның інінен іздеген жануар-зат, бір пайда болып, бір ғайып болып отыратын қызық құбылыс.

5. Мейбл. Бойы ұзарып, сосын Ақ қоянмен қайтадан кездескеннен кейін Алиса өзін-өзі тани алмай қалады. Алиса өзінің кім екенін түсінбей, өз-өзіне сенімсіздік таныта бастайды. Өзіне: «Мен дәл қазір кім екенмін?» – деп сұрақ қояды.

6. Кішкентай қолтырауын. Мейбл үшін басқаша көрінгеніне мазасызданып, Алиса осыған дейін білгендерін еске түсірмек болады. Исаак Уотстың 1715 жылы жазған «Жалқаулық пен ессіздікке қарсы» өлеңін еске түсіргісі келеді, бірақ «кішкентай қолтырауын» туралы өлең есіне түсе береді.

7. Кішкентай балықтар. Кішкентай қолтырауын туралы өлеңде тістерін көрсетіп, сүйкімді күлетін кішкентай балықтар туралы айтылған.



Алисаның өз тұлғасын табуда және бұрыннан таныс заттарды есіне түсіре алмай, қиындыққа тап болу – Ғажайыптар әлеміндегі заттарға басқаша көзқарасты қалыптастырды. Ол Жауынқұртқа: «Мен – мен емеспін, мен біртүрлі басқаша сияқтымын» (бойының ұзарғанына қарап «Бірде бойың ұзарады, бірде бойың қысқарса, өзіңнің кім екеніңді білмейсің»), бұрыннан таныс заттарды есіне түсіре алмағанын айтады. Алисаның бұл сөздері оның жеуге болады деген заттардың сөйлеп кететініне, біресе бойы ұзарып, біресе қысқаруына байланысты туындап отыр.

Алиса бұрыннан таныс заттарды есіне түсіре алмай қиналуда. Мәселен, талмай еңбек ететін араны есіне түсірейін десе, есіне қолтырауында жейтін бір құбыжық жыртқыш түседі. Әрине, Алисаның араның орнына қолтырауынды еске түсіруі – қате! Эдмунд Уилсон, Ауэрбах және Кинкейд секілді сыншылар Алисаны жыртқыш әрі агрессивті деп көрсетеді. Сонда қолтырауынды еске түсіргені – Алисаның шын мәнінде қатты қарны ашып тұрғанын білдіріп тұр дейді олар. Бірақ Ли қолтырауынның тәбеті басқа бір жыртқыш-балық аулаушы бейнесін еске түсіріп тұрғанын айтады: Алисаның Дина атты мысығын. Лидің пайымдауынша, Алиса туралы кітаптағы маңызды «заттардың» бірі – мысықтар. Кейбір сыншылар Алисаның мысықтарға (өзінің Дина атты мысығы мен Чешир мысығы) ұқсайтынын көрсеткісі келеді.

Ауэрбах Чешир мысығы – Алисаның Ғажайыптар әлеміндегі «жалғыз досы» деп көрсетеді. Сол сияқты Дина да – Алисаның ақиқат өміріндегі жалғыз досы. Ауэрбахтың ойынша, Ли мысықтардың Алисаның өміріндегі рөлі мен маңызын дұрыс бағаламай тұр деп сынайды. Алиса мен Динаның тұлғалық ұқсастығы бар болса да, әңгімеде Дина персонификацияланбайды. Динаның Алисаның жағына шығарудың орнына Кэррол адамдар мен жануарлардың бір-біріне дәнекер, бірін-бірі қорғаушы екенін көрсетуді мақсат етеді.

Алиса Ғажайыптар әлемінде саяхат етіп, тіршілік етудің аясын кеңейте түсті. Саяхат барысында Алиса Көгершінмен кездеседі. Көгершін Алисаны «Жылан» деп қабылдап, одан жұмыртқаларын жасырмақ болады. Алиса Көгершінге өзінің кәдімгі кішкентай қыз екенін айтып, қанша сендіруге талпынса да, Көгершін сене қоймайды. Себебі Көгершіннің ойынша, кішкентай қыздар жұмыртқа жей алса, демек ол да жылан сияқты жыртқыш жәндік деп ойлайды. Бұл идея – Алиса үшін жаңалық болып, ол бірнеше минут үнсіз ойланып тұрып қалады. Алисаның үнсіздігі – өзін анималистік тамақсау екенін мойындағанын білдірсе, демек Алиса – тұтынушы емес, тұраралық желідегі бір түр екені айқындалып тұр.

«Алисада» жануарлар – Иван Крейлкамптың «жануар кейіпкерлер «сұранысқа ие» немесе Алекс Волохтың «жануарлар «мойынсұнушы жаратылыстар, олар басқаларға қызмет етуге жаралған» деген тұжырымдарына бір жағы сәйкес келсе, бір жағы сәйкес келмейді. Бір жағынан алғанда, Ғажайыптар әлеміндегі жануарлар – екіншілік қосымша кейіпкерлер емес. Екінші жағынан қарағанда, Алиса – адам ретінде шығарманың басты кейіпкері болып тұр. Оның мысықтары Волохтың екіншілік қосымша кейіпкерлер тұжырымдамасын жоққа шығарып тұр, шығармадағы Ғажайып әлем мен Алисаның бейнесін тереңдетіп тұр. Кэррол заттар мен жануарлардың арасындағы жаңа байланысты көрсеткісі келеді. Мәтіндегі қиялдан туған «кеңістік» адамға бағынып, антропоцентристік ұстанымды дәлелдеп тұр. Ғажайыптар әлеміндегі желілердің қалыптасуы дегеніміз – жануарлар мен тәбеттер тәні, оқырмандарды әлеуметтік заттарға айналдыратын құндылықтар.

Алиса мен оның мысығы арасындағы коммуникация күшейтілген. Алиса өзінің мысығына тамақ беріп отырып, онымен белгілі бір дәрежеде сөйлесіп отырады. «Морж бен балташы» әңгімесі – адам мен жануар арасындағы тұраралық байланысты дәлелдейтін шығарма. Кэррол үшін қиял мен фантазия – тәннің қажеттілігі.

Ғажайыптар әлеміндегі заттар – зат мәртебесінен жоғарылап кетпеген құндылықтар. Алғашында аморфты деп саналғандар – субъект тарапынан материализацияланады. Мәселен, дүкендегі заттар – Алисаның көзіне көрінбейді, себебі ол заттар әлеміне ене қойған жоқ. Заттарды ерекшелейтін негізгі заттардың тағы бірі – жануарлар. Ғажайыптар әлеміндегі тағамдар, компаньондар немесе жиынтықтар – өзгеріп отырады, ал жануарлар – сол күйі өзгеріссіз қалуда. Басқаша айтқанда, Ғажайыптар әлеміндегі таңғажайып заттар – жануарлардың өздері жинаған шындық, адам мен жануарлар арасындағы байланыстың іздері.

Жеймін деген тамақтары жоғалып кеткенде, Алиса өзінің мысығынан көмек сұрайды. Бірақ кішкентай марғау оның сұрағын естімеген кейіп танытып, табанын жалап тұра береді.



Содан кейін Алиса оқырмандарынан: «Сіздер қалай ойлайсыздар, бұл не деген ғажап?» деп сұрайды. Ғажайыптар әлемі туралы қиялдағандарға Ли былай деп жауап береді: «Алиса да, оның мысығы да қоректік тізбенің бір бөлшегі. Мұнда барлық нәрсені жеуге болады, барлық нәрсе әлеуметтенген».

### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. М.П. Лидің талдауларында заттар теориясы, акторлы-желілік теория мен адам мен жануарлардың арақатынасы теориясы бір-бірімен қалай үйлесім тапқан?

### Әдебиеттер

1. Miller H. Andrew. *Novels Behind Glass: Commodity Culture and Victorian Narrative*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1995.
2. Armstrong Nancy. *The Occidental Alice// Contemporary Literary Criticism: Literary and Cultural Studies, Fourth Edition*. – New York: Longman, 1998.
3. Forster E. M. *Aspects of the Novel, and Related Writings// The Abinger Edition of the Works of E. M. Forster*. – Vol. 12. – London: Edward Arnold, 1974).
4. Latour Bruno. *Reassembling the Social: An Introduction to Actor-Network-Theory*. – New York: Oxford University Press, 2005.
5. Guyer Sara. *The Girl with the Open Mouth: Through the Looking Glass*. – Angelaki. – 2004, 9. – № 1.
6. Brown Bill. *A Sense of Things: The Object Matter of American Literature*. – Chicago: University of Chicago Press, 2003.
7. Auerbach Nina. *Alice and Wonderland: A Curious Child*. – *Victorian Studies*. – 1973. – 17.
8. Woloch Alex. *The One vs. the Many: Minor Characters and the Space of the Protagonist in the Novel*. – Princeton: Princeton University Press, 2003.